ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 ақпан № 4712-25-00-2/260іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқарамасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ИП Арсенқызы» басшысы Бекешова Жадыра Дохтырбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқарамасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«ИП Бекешова» басшысы Бекешова Жадыра Дохтырбаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ИП Бекешова» басшысы Бекешова Жадыра Дохтырбаевнадан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 13.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.03.2025, судья Аташева А. О., 16.03.2025

AnyScanner

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Сот өндірісі
Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 13.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.03.2025, судья Аташева А. О., 16.03.2025

AnyScanner